

*Аймагамбетова К.*

**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МУҒАЛИМДЕРІН ПРАКТИКАЛЫҚ  
ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ**

*Аймагамбетова К.*

**БОЛОЧОК БАШТАЛГЫЧ МЕКТЕП МУҒАЛИМИН ПРАКТИКАЛЫҚ  
ИШМЕРДҮҮЛҮККӨ ДАЯРДОО**

*Аймагамбетова К.*

**ПОДГОТОВКА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ  
К ОСУЩЕСТВЛЕНИЮ ПРАКТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

*К. Aimagambetova*

**PREPARATION OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHER FOR  
PRACTICAL ACTIVITIES**

УДК: 37.1.3

*Макалада башталгыч мектеп мугалиминин практикалык ишмердүүлүктү жүргүзүүгө даярдоосу изилденген. Болочок мугалимдерин окутуунун интерактивдүү методдорун тандоону жана ошондой эле ыкмаларын жүргүзүү анализделет.*

**Негизги сөздөр:** *инсан, профессионалдык даярдык, активдүү окутуу, кайтарым байланыш, коммуникативдик аракеттенүү.*

*В статье рассматриваются проблемы подготовки будущего учителя начальных классов к осуществлению практической деятельности. Проанализированы пути и методика организации использования будущими учителями интерактивных методов обучения.*

**Ключевые слова:** *личность, профессиональная подготовка, активное обучение, обратная связь, коммуникативные взаимодействия.*

*The article deals with the problems of future primary school teacher preparation for realization of practical activities. Ways and methods of organization of using interactive methods of teaching by the future teachers are analyzed.*

**Key words:** *personality, professional preparation, active teaching, feedback, communicative interaction.*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы Халыққа жолдауында үнемі болашақтың иесі жастар мәселесін назарда ұстап, негізгі ой-пікірінің мәнін соларға арнайды. 2016 жылғы жолдауында жастарға «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланың дар- дейді.

Қазіргі қоғамда адамның, яғни тұлғаның алатын орыны мен рөлі күшейіп, бәрі адам үшін деген қағидаға негізделуде. Олай болса, болашақ қоғам мүшесі бастауыш сынып оқушыларының құндылығы жоғары тұлға болуы үшін мұғалімдер қауымының атқаратын жұмыс өте жауапты. Оқушылардың алда тұрған асуларды меңгертуіне жәрдемдесетін, болашағына жол ашатын - мұғалім. Бұл мұғалімнің бала жанын оятатын, оның бүкіл болмысын жандандыратын шеберлікті меңгеруге дайын болуын талап етеді. Осыған орай, болашақта оқушының іс-әрекеттерін ұйымдастыра алатын маман болып шығуға дайындау, кәсіби тұрғыдан шыңдау ЖОО-ның үлесіне тиеді.

Қазіргі қоғам дамуындағы кезең ақпараттық және нарықтық кезең болып отыр. Бұл ақпарат ағымына ие болу үшін үнемі «үйрене білу», «үйренуге ұмтылу» мақсатының алда тұратындығымен айқындалады. Егер, бұрын өмір бойы өзіне яғни жеке бастың дамуына қызмет ететін білім берілді деп есептесек, енді ол пікір ескірді. Қоғамдағы өмір ағымының өзгеруіне орай «өмір бойы өздігінен үйрену» қағида-сы нығаюда. Бұл Жоғары оқу орындары дайындап отырған болашақ мамандардың осы қағиданы бойына сіңіріп, оларды сол бағытта дайындап, білім мен тәрбие беру міндетіне келіп тіреледі.

Егер, осыған дейін болашақ маманға теориялық біліммен сусындандыр - ып, оны қолдану жолдарын семинарлық, практикалық сабақтарда үйрететін болсақ, бұл қазіргі таңда жеткіліксіздік тудырып отыр.

Қазіргі таңда үйрету мен үйрену субъектілердің қарым-қатысы арқылы орындалуға тиісті. Яғни, білім берушімен білім алушының бір-бірімен әрекеттесуі арқылы жүзеге асады.

ЖОО- да мұндай өзара әрекеттесу бірнеше формада жүргізіледі:

1. Семинарлық сабақтар барысында.
2. Практикалық сабақтарда.
3. Жобалар жасауға қатысуда.
4. Педагогикалық практикалар кезінде.
5. Пікірсайыстар барысында.

Болашақ маман өзінің қызмет барысында оқушыларды, яғни білім алушыны білімді меңгеруге белсенді қатыстыра білу үшін алдымен сол іс-әрекетке университет қабырғасында өзі үйренуі, қалыпта-суы керек.

Болашақ маманды практикалық іс-әрекетке дайындау ЖОО-да әрбір дәрісте және семинарлық, практикалық сабақтарда оқытушының интербелсенді әдістерді кеңінен қолдануын керек етеді.

Интер белсенді әдістер ағылшын тілінде білім беру өзара қарым-қатынас негізінде құрылады дегенді білдіреді. Бұл «педагог – білім алушы», «білім алушы - білім алушы», «білім алушы өзімен-өзі» негізінде қарым-қатысқа түсу. Сол арқылы олар белсенділік көрсетіп, бірлесе отырып үйренуге қалып-

тасса, болашақта өзінің қызымет барысында осы әдістерді қолданатын дәрежеге жетеді.

*ЖОО-да студенттердің белсенділігін қалыптастыру қалай жүзеге асады?* Мәселен, студент жаратылыстану негіздері бойынша жобалық жұмыс алуға тілек білдіреді. Ол үшін ең алдымен өзі жобаның тақырыбын анықтайды. Тақырыптың мақсатын ашады, мақсатқа жетудің жолын ізденеді. Мақсат пен міндетті анықтағаннан кейін, тақырыпты ашудың жоспарын жасайды. Ол үшін ғылыми зерттеу әдістерін саралайды. Бұл тұста тек әдебиеттерді оқып материал жинаумен шектелмей, олардың мазмұнын талдау, жинақтау, қортындылау сияқты іс-әрекеттерді атқарады.

Онан әрі жинаған материалдарын жүйелеп жазады. Тақырып бойынша түрлі сызбалар мен кестелер орындауға тура келеді. Жобаны семинарлық сабақтарда қорғайды. Жоба қорғау барысында бүкіл топ студенттерінің талқысынан өтеді. Студенттер өзара қарым-қатысқа, пікірсайысына түседі. Мұндай интербелсенді әдіс арқылы студент білім мен білік алып қана қоймайды, құзыреттілікке ие болады.

Жоба қорғау студенттің ізденуін, ақпараттарды іріктеуін, талдап қортындылауын керек етеді. Жұмысты орындауда студент өз ойын дәлелдеуге және басқалардың пікірін тыңдауға, ой қорытуға төселеді. Көптің алдында жасқанбай сөйлеуге жаттығады. Студенттің өзіне деген сенімі арытады. Өз біліміне сүйеніп, мәселе шешеуге үйренеді. Кез келген субъектімен қарым-қатысқа түсе алатындай деңгейге көтеріледі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда оларды практикалық іс-әрекетке бағыттау кезінде негізінен әр адамның өз ойымен тұжырымдаған, өз қолымен істеген істерінің ойда, есте жақсы сақталып, керек кезінде оның жаңғырып, актуальданыатынын ескеруге тиіспіз.

Сонымен қатар, болашақ мұғалім тек ақыл, білім, мәдениет иесі ғана емес, ол иман жүзді, адамгершілікті, игі жан болуға тиісті. Оқушыларға жоғарыдан қарамай, оны өзіне жақын ұстайтын, пікір бөлісетін, ақалдаса алатын, адами құндылықтарды жоғары тұтатын маман ретінде дайындау міндеті де тұрады.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны лесің» - дегендей, егер, ЖОО-да студенттерге оқытушылар тарапынан осы жоғарыда айтылғандай қатынас жасалатын болса, олар да келешекте өз істерінде сол көргендерін жасайтыны сөзсіз.

Біз өз тәжірибемізде студенттерді өзінің болашақ мамандығында практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыра алатындай етіп дайындау мақсатымен білім беру кезінде оларды түрлі өзіндік жұмыстарға кеңінен қатыстырамыз. Олардың түрі:

- Бір-бірінің жазған баяндамаларына аннотация жазу;
- Ғылыми жұмыстар мен әдістемелік еңбектерге аннотация жазу;
- Пән бойынша әдебиеттер картотекасын жасау;
- Семинарлық сабақтарда пікірсайысын ұйымдастыру;

- Практикалық сабақтарда (дүниетану пәнінің әдістемесі бойынша) тәжірибелер жасау,

- Сабақ жоспарларын жасап, олардың түрлерін саралау;

- Жаңа технологиялар туралы баяндама дайындау;

- Тәрбие сағаттарының жоспарын жасау;

- Сыныптан тыс жұмыстардың бағдарламасын құру;

- Тақырыптық көрнекі құралдар дайындау;

- Сөздік, практикалық, көрнекілік әдістердің тиімділігі мен оққылығын дәлелдеу т.б. студенттердің өздігінен ізденуіне жағдай жасайтын жұмыстар қамтылады. Мұндай жұмыстар студенттердің ізденуін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды болашақ мамандығының сан қилы түрлерімен таныстырады. Сонымен қатар, әрбір дәрістік, семинарлық, практикалық сабақтардың соңында студенттерді рефлексиялауға белсенді қатыстырамыз. Студенттер әрбір тақырып бойынша не үйренді, нені меңгерді, не білгісі келеді, сабақ барысындағы өзінің әрекеті қандай болды, бүкіл мүмкіндігін пайдалана алды ма, әлде қандай кемшіліктер жіберді дегендей мәселелерді қозғап, өзінің және курстастарының да іс-әрекетін бағалауға төселеді. Өз әрекетін дұрыс және орынды бағалай алған тұлға ғана өмірден өз орынын таба алады.

Студенттердің өзіндік жұмысының қай-қайысын алсақ та, ол тұлға дамуының құралы іретінде орын алады. Себебі, қазаргі таңдағы талап бойынша тұлғаның мақсаты тек білім жинау емес, сол білімді керекті және ретті жерде тиімді қолдана білу.

Қытайдың атақты ғұламасы Конфуций «Маған айтып берсең ұмытып қаламын, көрсетсең, есте сақтаймын, ал өзіме жасатсаң, үйренемін»- деген екен. Осы қағиданы ескере отырып, болашақ маманға үйрететін мәселелерді үнемі өзінің қатысы арқылы олармен қоян-қолтық әрекеттесе отырып практикалық іс-әрекетке бағыттап аламыз. Әрбір істе, әрбір сабақта өз көзқарастарымен пікірлерін, тұжырымдары мен ойларын ортаға салуға мүмкіндік беріледі. Сол арқылы олар топтағы құрбыларымен бірлесіп жұмыс жасайды, бір-бірімен қарым-қатысқа түседі, *кері байланысқа ие болады, түрлі жағдаят шешуге қатысады, бастамашылыққа үйренеді.*

Бұл әрекеттер тек білім мен біліктің қалыптасуы үшін емес, тұлға бойында адамгершілік, өзгенің пікірімен санасу, оны тыңдап, баға беру сияқты силастық қасиеттер қалыптасатырады. Бірлесіп жасаған жұмыстар басқамен пікірлесуге, ойын ашық айтуға, қателігі болса түзетуге мүмкіндік береді.

Әсіресе, семинарлық, практикалық сабақтарда студенттерді топқа біріктіру арқылы олардың әрекеттерін белсендіру мақсаты жүзеге асады. Мұнда оқытушы-педагог тек бағыт беруші болса, студент- болашақ мұғалім білімді өзіндік әрекеттер бойынша игеруші, ойлар мен көзқарастарды талқылаушылық жұмыстарды атқарады. Сол арқылы өзін-өзі дамытады. Олар тақырыптың мазмұнын қайталап айтумен шектелмей, өздері талдап, өз тұстарынан қортынды шығарып, тіпті кейде аппонентік көзқарастар тудырып

дәлелдеуге тырысады. Сол арқылы студенттер болашақта оқушылармен практикалық іс-әрекеттер ұйымдастыра білуге дайындалады. Мұндай жағдайда білім беру репродуктивтік формадан конструктивтік білім беру формасына ауысады.

Студенттердің практикалық белсенділігін дамытуды қамтамасыз ету үшін сабақ барысында түрлі кәсіптік ойындар ұйымдастыру, бірлескен жұмыс-тар атқару сияқты іс-әрекеттерін күшейте отырып, оларды іздемпаздыққа, өзін-өзі дамытуға жетелейтін әдістерді қолдану көзделеді.

Мәселен, «Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы» пәнінен білім берілетін сабақтарда студенттерге тақырыпты дәріс түрінде ұзақ уақыт баяндаудан гөрі тақырыптың негізгі мақсатын олардың өздігінен шешуіне мүмкіндік тудырамыз. Мысалы, тақырып «Бастауыш сыныптардағы дүниетану пәнін оқытуда қолданылатын «бақылау» әдісі». Дәрістің қандай жоспар арқылы жүргізілуін студенттердің өздеріне шештіру мақсатымен аудиторияға мынандай тапсырма беріледі:

- тақырыптың мақсатын анықтаңдар;
- мақсатқа жетудің жолдарын ойластырыңдар;
- бұл тақырыпта қандай мәселелердің мәні ашылуға тиісті;
- бақылау әдісі туралы қандай әдістемелік еңбектерді оқыдыңдар;
- бақылау туралы өздерің не білесіңдер;
- нені бақылауға болады және қалай бақылайды?
- бақылау әдісі туралы не білгілерің келеді?
- бақылаудың тиімді әдіс болып есептелуінің себебі не деп ойлайсыңдар?
- бақылау әдісін талдау сіздерге не береді деп ойлайсыңдар?
- өздерің бақылап (табиғат көрінісін, жеке нысандарды т.б.) көрдіңіздер ме? Ондай тәжірибелерің болса, айтып беріңіздер.

Жоғарыда келтірілген тапсырмалар мен сұрақтар дәріс оқылмай тұрып берілу арқылы тақырыптың мәнін ашуға бүкіл студенттің зейінін ғана аударып қоймай, олардың ойын оятып, бойындағы күш-қуатын жинақтауға, бүкіл назарымен жігерін сабаққа аударуға, яғни ой толғанысына жағдай жасаймыз. Тапсырмалардың мәнін аша отырып, студенттер дәрістің қандай жоспар арқылы өтуге тиістігін анықтайды. Осылайша студенттердің дәріс мазмұнын ашуға тікелей қатысуы қамтамасыз етіледі. Олар ой толғанысы үстінде ізденеді, бір-біріне сұрақтар қояды, өз сұрақтарына өздері жауап береді, пікірлесіп, талқылайды. Соңында оқытушымен ақылдаса отырып, дәріс жоспарының жүйесін белгілейді.

Студенттердің талдауы арқылы жоспар құрылады:

1. Бастауыш сыныптардағы дүниетану пәнін оқытуда бірден-бір тиімді әдіс бақылау;
2. Бақылау әдісін ұсынушы авторлар еңбегіне шолу;
3. Бақылауды ұйымдастыру жолдары;
4. Бақылаудың түрлері;
5. Бақылау нәтижелерін қортындылау (дәптерге жазу, суретін салу т.б.);
6. Бақылау нәтижелерін сабақта қолдану.

Біздің практикамызда осылайша ұстаз «білім берушілік» қызметінен «үйрену үдерісін ұйымдастырушы», «үйренуге жағдай жасаушы», «менеджер» қызметіне ауысады. Себебі, берілетін білім білім алушыға бағытталады. Студенттер білімді өздерінің еркін қатысуы арқылы белсенді әрекеттер нәтижесінде меңгереді. Өздері талдай отырып меңгерген білім ұмтылмайды, ол олардың ой елегінен өтілген, еленіп екшелген қалпында біртіндеп тәжірибеге айналады.

Сондықтан студенттерге өмір сүруді, қызмет студі үйретіп, білім беруді тиімді, белсенді әдістермен ұйымдастыру қолынан келетін маман болуға бағыттаймыз. Студенттер практикалық іс-әрекеттер орындау кезінде жазу, сызу, тақырыптық жоспар құру, қортындының жоспарын жасау жұмыс-тарын да атқарады. Әрбір сабақтан кейін студент нені білдім? Бұрыннан білетінмін, білгім келеді, мені қызықтыратын жәйттер деген сұрақтар қойып соған жауап беруге тырысады.

ЖОО - орындарынан шыққан мұғалім білім берудің жаңа формасы- бағыт бағдар беруші, ұйымдастырушы, ынталандырушы сияқты іс-әрекеттерді меңгеріп шығуға тиісті. Студенттердің басын тек теориялық қағидалармен толтырмай, оларды шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, оқушылармен бірлесіп іс атқаратын, жас жеткіншектің ой толғанысына, ізденуіне жағдай жасайтын оларды ойланатын тұлға ретінде тәрбиелейтін маман болып шығуын көздеуге тиіспіз. Мұндай талапты тек практикалық іс-әрекетке қалыптасқан маман ғана орындай алады.

Осы тұста А.Энштейннің «Мен шәкірттерді үйретпеймін, тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын»- деген қағидасы ойда тұруға тиісті.

#### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010 - 45-б.
2. Абдуллина А. Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты. // Ұлт тағылымы, 2009 №2, 17-б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. - Алматы, 2009 - 328-б.
4. Кішібекова Д. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан. Қ.А. Яссауи ат. ХҚТУ, 2010.
5. Оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі. Оқу-әдістемелік құрал. Құрастырушылар: Тұрғынбаева Б.А., Әлімов А.Қ. Алматы. 2011. - 179-б.

Рецензент: д.пед.н., профессор Сияев Т.М.